

АИҚЫН

Қазақ қайтсе көбейеді?



2007 жылы Құзырлы орындардың «2015 жылы республика халқының саны 20 миллионға жетеді» деп мәлімдегенін бүгінде біреу білсе, біреу білмес. Одан соң «20 миллионға 2020 жылы жетеміз» дедік.

Құзырлы орындардың бұл есебі 2020 жылы да түгелденбейтінін статистика агенттігінің өзі мәлімдеді. Үлкен мінберден айтылған оптимистік пікір ақиқат ауылынан алыс жатқан арман-үміт қана болып шықты. «20 миллионға 2025 жылы жетеміз» деп кетіп еді марқұм демограф-ғалым Мақаш Тәтімов. Өмірбақи халық өсімімен шұғылданған ғалым бірденені біліп айтқан да шығар. Ал БҰҰ-ның арнайы жүргізген зерттеуі бойынша Қазақстан халқының саны керісінше, жақын жылдары қазіргіден құлдырауы да мүмкін екен.

Еліміз халқының саны өсудің орнына керісінше, кемітінін мүйізі қарағайдай БҰҰ-ның неге сүйеніп айтып отырғанын кім білсін. Әлде беті аулақ, жер сілкініп, халықтың біраз бөлігі қарап болады деп болжап отыр ма? Әлде қазақтың қарасының өскенін емес, өшкенін тілейтін мысық тілеу ме? Бір бармағы бүгулі Батыста қазақтың алдағы 50-100 жылдық өміріне дейін бағдарлап отырған тұтас институттар жұмыс істейтінін ескерсек, олардың да жауырынға қарап ашқан палын ескермеске болмайды. Сонымен, жақын маңда 20 миллионға Қазақстандағы табиғи өсіммен де, еліміз тәуелсіздік алған 25 жылда бір миллиондай ғана қандасымыз елге оралғанын ескерсек, алыстағы арқасүйер диаспора – оралмандармен де жете қоюымыз неғайбіл болып тұр. Сонда

қайтпек керек. Жаһандану жан-жақтан тықсырып келе жатқанда, осынша кең байтақ жерде санаулы қазақты алшандатып жүргізіп қоя ма?!

Біз аспанға қарап қиялданып отырғанда, ала шапанды өзбектің саны дәл қазір 32 миллионға шықты. Өзбектің саны тәуелсіздік алған 1991 жылы 20 миллионнан сәл асатын. 25 жылда оған тағы он миллионнан аса өзбек қосылған. Ал 1991 жылы 17 миллион халқы болған Қазақстан 25 жыл бұрынғы меже-ден бір миллион адамға ғана аса алды. Өзбектер 2020 жылы 40 миллиондық санды межелеп қойыпты. Дәл қазір қазақты қосқанда Орталық Азия халқының саны шамамен 60 миллиондай адам болса, соның тең жартысы өзбекстандық болып шығады.

«Көп қорқытады, терең батырады». Саны көп ұлт қашан да күшті, өзгелерді өзіне сіңіріп алады. Қытай сияқты алпауыт бір қылғығаннан-ақ жұта салады. Ол жаққа барғандар ішін жиып қайтады. «Қазақстан, Ресейді былай жиып қойып, қытайлықтар қазір Америкамен айналысып жатыр» дейді. Асырып айтса да, ашынып айтса да, сөзінде бір шындық бар екенін іш сезеді. Қытайға жұтылып кетпес үшін сары орыстың өзі жанталасып, 2050 жылы Ресейдегі басқа халықтарды қоспағанда, тек таза орыстың санын 145 миллионға жеткіземіз деп құлшынып жатқанда, біздің тұяқ серіппей тым-тырыс жатқанымыз аждаһаның аузына өзімізді еркімізбен салып бергенмен бірдей. Тағы бір жайды айтсақ, кейбір саясаттанушылар айтып жүргендей, Қазақстан халқының санын өзге ұлт есебінен көбейтеміз деуіміз қалай болады? Есігімізді еңдей ашып қойғанмен, төрімізге шығуға құлшынып отырғандар көп емес. Оның үстіне оларға жайылып жастық, иіліп төсек бола қоятындай жай-күйіміз жақсарып кетті ме? Оның үстіне жыл сайын «Қазақстанға келушілер емес, кетушілер саны артып отыр» дейді дерек-көздері.

Қалай болса да, қара қытаймен санымызды Құдай көбейте көрмесін, ендеше, қазақты қай ұлттың есебінен көбейтеміз дейміз? Қытайдағы ұйғыр ұлтының өкілдері төлқұжатына «қазақ» деп жаздырып алып елімізге өтіп кетіп жатқанын естіп-біліп жүрміз. Ол аз болса, ойдан-қырдан қашқан өзбек мигранттары елімізде қаптап жүргенін, Алматының базары толған өзбек пен тәжік, қырғыз, қарақалпақ екенін ескерсек, шындап ойлануға тура келеді. Рас, өсетін ел, өнетін ел осындай алмағайып сәтті пайдаланып, түркітілдес халықтарды сыртқа теппейді, қайта өзіне сіңіріп алуға барын салады. Жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы аштықта ала шапанды ағайын талайсыз қазақтардың ұлтын тандыр нанға айырбастап алып, соның есебінен көбейіп отырған жоқ па? Соның есесін еселеп қайтара-тын кез келген жоқ па? Саясаттанушы Әзімбай Ғалидың «Үлкен қазақ ұлты идеясы», марқұм демограф Мақаш Тәтімовтың қазақтандыру идеясы осыны меңзейді. Өзгені өзіне сіңіру үшін қазақ мәдениеті де, ұлттық идеология да өте үстем болу керек. Басқасын айтпағанда, әлі күнге ана тілін дұрыс жолға қоя алмай жатқан елде ұлттық идеологиямыздың жетісіп тұрғаны шамалы. Әйтпесе, өзгені өзіне сіңіргенге не жетсін. Мәселен, қазақтың ең жақыны – қарақалпақ. Кезінде автономиялы ел ретінде Қазақстан құрамында тұра бергенде, бүгінде қазақтың бір іргелі руы болып етек-жеңі жайылып отыратын еді. Шындап келгенде, Қазақтың бауыры Созақтан туған делінетін қарақалпақ елі қазақтың бөлініп қалған іргелі ғана руы ғой. Ендеше, алдымен өзбек болып кетпей тұрғанда Қазақстанға өз аяғымен келген осы қарақалпақтарды қазақ етейік дегендер болды, кейбіреуіміз кіржің ете қалдық. Олардың өздері де осыған құмбыл. Ендеше, кеудеден итеретін не жөніміз, жынымыз бар. Тілімізді біледі, ғұрпымыз бір, дініміз, діліміз бір. Одан артық не керек. Солайша бірін-бірі тарта береді. Ал қазақ қан тазалығын ойлап, руын қорғаштап, бас-басына би, бағылан тартып, осылай берекесіз отыра берсе, халықтың әлсіз жері тұрмақ жердің астындағыны білетін сыртқы сұңғыла жау ру-руымен жеке-жеке ұрып алуды ойластырып, қаттап-шоттап та қойған шығар. Шығар дейміз-ау, солай екеніне дау жоқ.

Қан тазалығы дегеннен шығады, таяуда генетикалық зерттеу қорытындысы анықтағандай, Түркия халқында 80 пайыз армян қаны бар болып шыққан. Ал Орталық Азия халқымен туыстығы 20 пайыз ғана екен. Бұл рас болса, өзге ұлттарды өзіне сіңірудің осындай да салдары болады. Әзірге қан тазалығы қатаң сақталған қазақ халқының басына болашақта мұндай күн тумасына кепілдік жоқ.

Сонымен, қарақалпақтың, айыр қалпақты қырғыздың есебінен халық санын көбейтуге болар-ау, ал енді қазақты өзбектің есебінен көбейту оңай емес. Ұлттар бәсекелестігінде кім жеңіп, кім жеңіледі, ол әлі белгісіз. «Орыс болу үшін алдымен қазақ болу керек» деп мысқылдайтын ала шапандылар өздігінен Сарыарқаға барып, қазақ болып шыға келеді деу баланың қиялына келіңкірейді. Ал былайша, өзбекті қазақ қылудың жолы, жөн-жобасы жоқ та емес.

Өзбек жерінің көп бөлігі – қазақтың ата-бабасының жері. Бүгін де сол ата-бабасының жерінен қозғалмай отырған қазақ қаншама. Қазақтың екі ұлы биі – Төле мен Әйтекенің сүйегі – Өзбекстанда. Бұхар, Хиуа әмірлігін соңғы ғасырларда қазақтар билеген. Оны былай қойғанда, 1960 жылға дейін Өзбекстанды төлқұжатында «өзбек» деп жазылған ташкенттік қазақтар, негізінен, бірінші басшы ретінде билеп келген. Билік басына Шараф Рашидов келген соң өзбектенген ташкенттік қазақтарды қазақтығы үшін ығыстырып, ферғаналықтарға жол ашып беру басталған делінеді. Кешегі Қонаевтың тұсында Алматыда жалғыз қазақ мектебі болса, Ташкент қаласында сол кезде 18 қазақ мектебінің болуы да көп жайды аңғартпай ма? Бабасының басы бүгінгі қазақ жерінде көмулі жатқан көшпенді өзбектердің тұқымдары әлі күнге өз руларын ұмытпаған. Олары – қазақтың үш жүзінің де рулары. Былайша айтқанда, Өзбекстанда ресми есепке кірмейтін бес миллион қандасымыз бар деп батыл айтуға болады. Оларды түгел қазақ қыла алмасымыз анық. Ал өздері қазақ болғысы келетін өзбектер ше? Оларды сіңдіріп жіберуге әбден болады. Бәрі де ым-жымсыз жасалар епті саясатқа байланысты. Қалауын тапса қарды да жандыруға болады. Бұл мәселеде тек қана Үкіметке иек артуға болмайды. Ресей жолын ұстанып, мемлекеттік қазынаға емес, қалталыларымыздың бойындағы қазақтық-мемлекеттік мүддеге де иек артқан жөн. Путиннің «орыстың қарасын көбейтемін» деген ықыласы мен бастамасын орыс қалталылары қуана қолдап, іліп-алып кеткенін көріп-біліп отырмыз. «Орыс капиталы» бағдарламасы – соның нәтижесі. Ал біздің ұлт олигархтарының демография мәселесі жөніндегі ықыласының екпіні «Қара домалақ – 2000» -нан аса алмай, омақаса құлағанын еске алсақ, өзге тұрмақ өз тілін қатырмайтын қалталыларымыз орыс байлары сынды мемлекеттік-ұлттық мүддеге келгенде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара ала ма... Бізді осы арасы қинайды...

Сонымен, жақын маңдағы меже – 20 миллионға Қазақстандағы табиғи өсіммен жете қоюымыз неғайбіл екенін ішіміз анық сезеді. Ендеше, өзге ұлттарды сіңіру мәселесін былай ысырып қойып, алдымен алыстағы арқасүйер диаспора – оралмандардың оралуына мүмкіндігінше жағдай жасауға тиіспіз. Ең басты сүйенеріміз – Қытайдағы ресми дереккөздері бойынша, 1,5 миллион, ресми емес дереккөздері бойынша 2,5 миллион қазақ. Одан кейін – Өзбекстандағы 1 миллион 600 мың қандасымыз. Мұның сыртында Ресейдегі 800 мың, Моңғолиядағы 120 мың қазақ тағы бар. Осы қазақтың бәрі дәл қазір ғайыптың күшімен басы бүтін Қазақстанға жиналса, 23 миллионға дәл бүгін-ақ жетеді екенбіз. Өкінішке қарай, еліміз Тәуелсіздік алған 25 жылда бір миллионға жуық қана қандасымыз елге оралыпты. Дәл осындай сылбыр аяң жүріспен шеттегі 5 миллион қазақты түгел жинап алуға бақандай 100 жылдай уақыт керек екен...